Шындығында да, жазба әдебиеттің бір саласы ретінде қазақ балалар поэзиясының туу кезеңі аса бір қайшылықты уақытқа орайлас келді. Елде кеңестік-большевиктік биліктің орнауы ағартушы-демократ ақындар поэзиясында ұлттық әдеби дәстүр мен европалық үлгіні ұштастыра, көркемдік даму заңдылықтары аясында ілгерілеп келе жатқан ұлттық балалар поэзиясының да шығармашылық ізденіс бағыттарына ықпал етті. Жаңа билік балалар поэзиясының өзінің дәстүрлі тамырларынан нәр ала отырып, тақырыптық-идеялық, танымдық-тағылымдық және көркемдік мәселелері тұрғысынан ішкі даму қажеттілігіне сай жетілуіне мүмкіндік ашудан гөрі, идеологиялық тұрғыдан жетекшілік жасауға ұмтылды.

Осы жылдардағы жалпы әдебиетке тән болған алашшыл және кеңесшіл жіктелу әсері балалар поэзиясына да салқынын тигізбей қалмады. Кеңесшіл бағыттағы балалар ақындары алашшыл М.Жұмабаевтың балаларға арналған шығармаларының дәстүрлілік тұрғысынан да, көркемдік жаңашылдық тұрғысынан да өнегелі тұстарын тани тұра, өз тарапынан шығармашылықпен



пайдаланудан, дамытудан бой тартты. Бұл жағдай ұлттық балалар поэзиясында белгілі бір уақыт аралығында ұлттық негіздегі көркемдік дәстүрдің көмескі тартуына себепкер болғаны да шындық. Десек те, сол уақыттағы саяси-идеологиялық жағдайлар салдарынан туған бұл әрекеттерге бүгінгі уақытта түсіністікпен қараған жөн.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары мақсатты түрде балаларға арнап жазылған шығармалардың тууы ұлттық жазба балалар поэзиясының біртұтас қазақ әдебиеті аясында жеке арна түзіп, өзіндік көркемдік әлемін жаратуға бет бұрғанын айғақтайтын құбылыс болды. Ұлттық әдебиеттің даму тарихындағы аса маңызды оқиға – балалар поэзиясының тууында біртұтас ұлт перзенттері М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин сияқты қаламгерлердің шығармашылығы жетекші роль атқарды. Бұл қатарда қазақ балалар поэзиясының ұлттық дәстүр мен еуропалық үлгіні тел ұстап қанаттануын шығармашылық мақсат еткен және сол мақсатын өз шығармалары арқылы жеткізуді, үлгі көрсетуді көздеген ақын Мағжан Жұмабаев болды. Бұл заңды құбылыс еді. Өйткені, М. Әуезов сөзімен айтқанда: “ Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ, түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. “Әдебиет әдебиет үшін” деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі” [3, 128].

М. Жұмабаев ұлттық балалар поэзиясының болашақ көркемдік болмысы қандай болуы қажеттігін қапысыз таныды, танығанын қаламдас қауымның да игілігіне айналдыру жолында қалтқысыз қызмет жасады. Ақынның бұл мақсаты Мағжан қаламынан туған балаларға арналған шығармалардың қай-қайсынан да айқын танылады.

М. Жұмабаевтың балалар поэзиясына бет бұруы оның шығармашылығы үшін тосын құбылыс болған жоқ. Жас буынға арналған ағартушылық-демократтық бағыттағы өлеңдер ақынның алғашқы “Шолпан” жинағына да тән. Жинақтағы “Жазғы таң”, “Өнер-білім қайтсе табылар”, “Балалық шағы”, “Осы күнгі күй” іспетті өлеңдер көтерген проблемасы, айтар ойы тұрғысынан Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов дәстүрлерінде жазылса, ақынның кейінгі туындылары балалар поэзиясы талаптарына толығымен жауап беруімен ерекшеленеді. Осы орайда ақынның жас ұрпаққа арналған алғашқы және кейінгі өлеңдерінің айырмашылығын бағамдау үшін өзара салыстырып байқайық. Мәселен, “Шолпандағы” “Балалық шағы” өлеңі:

Жастық – алтын,  
Құрып қал салтын,  
Салты оның – үйрену.  
Өнер қуып,  
Бел бекем буып,  
Надандықтан жирену!  
Тұрма, қарғам, ұмтыл!

Аты өшкірден құтыл!- деген мазмұнда келіп, ақын ойы ашық берілсе, жиырмасыншы жылдар үлесіндегі “Немере мен әжесі” өлеңі диалог үлгісінде жазылып, идея да бейнелі жеткізіледі:

- Айтшы деймін, айтшы, әжекем,  
Теңіз деген сұйық па екен?  
Алыста өскен тау бар дейді,  
Басы көкке тиіп пе екен?  
Тау жағындағы әлгі жүйрік  
Қоян ба екен, киік пе екен?  
Аю деген біздің мынау  
Көк бұқадан биік пе екен?  
- Тек!- деп ем ғой,- тентек, тентек,  
Мұны айтатын мектеп, мектеп!

Кейінгі өлеңнің басты ерекшелігі – бейнелілігінде. Өлеңде әрнәрсені білуге құштар немеренің түрлі сұрақтармен тықсыруы да, бала сұрақтарына жауап бере алмаған әженің жауаптан сырғақтап, мектепке қарай сілтеуі де шынайы бейнеленген. Кейіпкерлердің сөйлеу тілі де, таным-түсінігі де олардың қазақы болмыстарын танытады және баланың қабылдауына лайықты суреттелген. Бұл жағдайдың өзі Мағжан ақынның ұлттық дәстүрді үлгі тұта отырып, батыс және орыс балалар поэзиясының көркемдік жетістіктерін де шығармашылық зерде сүзгісінен өткере білгенін, нәтижесінде балалар поэзиясына үлкен жауапкершілікпен, мол даярлықпен келгенін аңғартады. М. Жұмабаевтың балалар поэзиясының көркемдік-эстетикалық, танымдық-тәрбиелеушілік міндеттерін жетік білгені және оларды шығармашылық тұрғыдан сәтімен шеше алғаны оның балаларға арналған үлкенді-кішілі туындыларының қай-қайсынан да анық көрінеді. Өйткені оның өлеңдерінде баланың жас ерекшелігі, соған сәйкес ұғым-түсінік деңгейі, ойлау-қиялдау қабілеті, таным дәрежесі, сөздік қоры мұқият ескеріледі.

М. Жұмабаевтың балаларға арналған шығармалары тақырып, мазмұн, пішін тұрғысынан да, жанрлық жағынан да жаңашылдығымен ерекшеленеді. Мәселен, бір ғана оқу-білім тақырыбына арналған “Немере мен әжесі”, “Ата, бата”, “Сал, сал білек, сал білек” өлеңдерінің өзі мазмұнды жеткізу, тақырыпты ашу, композициялық түзілім тұрғысынан бірін бірі қайталамайды. “Немере мен әжесі” таза диалог үлгісінде берілсе, “Ата, батада” ата мен немере әрекеттерінің суреті мен диалог кезектесе қолданылады. “Сал, сал білек, сал білек” өлеңі халық әдебиетіндегі тақпақ дәстүрінде жазылған.

Мағжанның балаларға арналған туындылары қозғалысқа, әрекетке, динамикалы суреттерге толы болып келеді. Ақын ата-ана, әже мен немере (“Бесік жыры”, “Әже”, “Ата, бата”, “Ана”, “Жылқышының үйінде”), балалар тірлігі (“Сылдырмақ”, “Ақ қала”), табиғат дүниесі, жан-жануарлар әлемі (“Сұр құлын”), т.с.с. тақырыптардың қай-қайсысында да бейнелілікке, жанды суретке ден қояды. Ақын өлеңдеріндегі бейнелілік үлгілерінің кейбіріне зер салалық:

“Әже”:

Сығырайған көзі көрінбей  
Томар-томар былшықтан,  
Отырса, бойы аспайды  
Қолындағы ұршықтан...  
“Сылдырмақ”:

Бүлдірген беті бөбектің  
Қолында отыр сылдырмақ.  
Өзі сақ-сақ күледі  
Сылдырмақтай сылдырлап...

“Аққала”:

Күміс қарға көбіктей  
Сүңгіп алып сүліктей,  
Топырлаған топ бала  
Қарақшыдай қалтиып,  
Қарындары шартиып,  
Бастады соға ақ қала...

Балалар поэзиясында М. Жұмабаев дамытқан жаңа мазмұндағы жанрлық жаңалықтардың бірі – С. Дөнентаев поэзиясынан бастау алатын мысал мәндес қызықты оқиғалы өлеңдер. Бұл қатарда “Көк теке”, “Төбет”, “Мысық пен ет”, “Қойшы бала мен күшік”, “Ескендірдің екі мүйізі” іспетті өлеңдерді атауға болады. Бұл өлеңдердің көркемдік маңыздылығы тәрбиелік ой-идеяның тартымды оқиға, әрекеттер арқылы әсерлі де бейнелі жеткізілуінде жатыр.

М. Жұмабаевтың ұлттық балалар поэзиясының көркемдік дамуында аса маңызды орны бар туындылары – көлемді шығармалары. Бүгінде орта мектептің жоғары сынып оқушыларына ұсынылып жүрген “Батыр Баян”, “Қорқыт”, “Ертегі”, “Оқжетпестің қиясында”, “Тоқсанның тобы” сияқты үлкендерге арналған кең тынысты эпикалық дастандарынан тыс, “Қойлыбайдың қобызы”, “Жүсіп хан”, “Өтірік ертек”, “Қаныш бай қиссасы” тәрізді шығармалары ұлттық балалар поэзиясының асыл мұрасы екендігі анық.

Бұл туындылар бала қиялын ұштайтын әрі шығарма сюжетінің қызықты дамуына әсер ететін ертегілік, мифтік көріністер мен реалистік бейнелердің ұтымды қолданысымен және, ең бастысы, тәрбиелік-тағылымдық тұрғыдан маңызды көркемдік-идеялық қызмет атқаруымен дараланады. Соның ішінде “Жүсіп хан”, “Өтірік ертек” дастандарына ертегілік сипат тән болса, “Қаныш бай қиссасы”, “Қойлыбайдың қобызы” дастандарының көркемдік мазмұнында мифтік элементтер басым. Аталған туындылардың балаларға арналған шығармалар екендігі олардың басталуынан-ақ айқын аңғарылады. Мәселен, “Жүсіп хан” дастаны:

“Бар екен де, жоқ екен,  
Аш екен де, тоқ екен,  
Ертек, ертек, ертекте:  
Ала қарға – азаншы,  
Қара қарға – қазаншы,

Шымшық терген шөпшекті”,- деп, халық ертегілері үрдісінде басталса, “Өтірік ертек”:

“Бір дегенім – білеу ғой,  
Екі дегенім – егеу ғой,  
Үш дегенім – үскі ғой,  
Төрт дегенім – төсек қой,  
Бес дегенім – бесік қой,

Алтыны – асық десіп қой”, - деп, халық ауыз әдебиетіндегі санамақ өлең үлгісімен басталып, негізгі оқиғаны бейнелеуге ауысады.

М. Жұмабаевтың халықтық фольклордағы көркемдік дәстүрлер мен шығыстық қисса-дастандарға және европалық әдеби ертегілерге тән көркемдік сипаттарды шығармашылықпен ұштастыра отырып, әрі ұлттық бояуға қанықтыра, әрі жаңа тұрпатты мазмұн дарыта, балаларға арнап жазған дастандары оны ұлттық әдебиетімізде әдеби ертегілердің тууына жол ашқан ізашар ақын деп тануға мүмкіндік береді.

#### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

1. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. Әдеби-сын мақалалар жинағы. – Алматы, 1968.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. 1-кітап. – Алматы, 1967.
3. Әуезов М. Мағжанды сүйемін // Ұлттық поэзия падишасы. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.

УДК 650

Гиладжева Эльмира Ислямгалиевна  
Атырау мемлекеттік университеті  
(Атырау, Қазақстан)

### ТАУМАН АМАНДОСОВ ӨМІРІНІҢ ӨРНЕКТЕРІ

**Түйіндеме.** Мақалада жазушы, публицист Т. Амандосовтың өмір жолына, қызметіне талдау жасалды. Тауман Амандосов мұрасының құндылығы – оның рухани бастау көздерінің күрделілігінде. Ең алдымен ол өзі өсіп өнген қазақ жұртының халықтық мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтаған. Сондықтан да рухани жетілу жолындағы алған өзге әсер ықпалдарының ізгі үрдісін халқының қажетіне жарата алған.

**Түйін сөз.** Публицист, ғалым, өнер, жинақылық, шымырлық, динамизм, дүниеқоңыздық, мецандық, өзімшілдік, күрес, сарын.

Гиладжева Эльмира Ислямгалиевна  
Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова  
(Атырау, Қазақстан)

### ТАУМАН АМАНДОСОВ

**Резюме.** В статье анализируются публицистические произведения писателя Т. Амандосова. Ценность наследия Таумана Амандосова заключается в сложности его источника духовного происхождения. Прежде всего он глубоко освоил наследие казахского народа, которое он вырастил. Вот почему другие факторы на пути к духовной зрелости привели благоую тенденцию к потребностям людей.

**Ключевое слово.** Публицист, ученый, собранность, гений, вещизм, эгоистичность.

Elmira Gilazheva  
Atyrau state university named after H. Dosmukhamedova  
(Atyrau, Kazakhstan)

### TAYMAN AMANDOSOV

**Abstract.** The article is analyzed publicly by the writer, publicist T. Amandosov. The value of the heritage of Tauman Amandosov lies in the complexity of its source of spiritual origin. First of all, he deeply mastered the heritage of the Kazakh people, which he raised. That is why other factors on the path to spiritual maturity have led a good tendency to people's needs.

**The keyword.** Publicist, trained, companionship, genius, selfishness.

Тауман Амандосов мұрасының құндылығы – оның рухани бастау көздерінің күрделілігінде. Ең алдымен ол өзі өсіп өнген қазақ жұртының халықтық мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтаған. Сондықтан да рухани жетілу жолындағы алған өзге әсер ықпалдарының ізгі үрдісін халқының

қажетіне жарата алған. Тауман Амандосов адамның ізгі қасиеттерін дамыту жолдарын айқындап, бұл тұрғыда адамзаттық игі дәстүрлерге сүйенеді. Публицистика да - сөз өнерінің үлкен бір саласы. Ол - көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп, өркендеп келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы десек, осы салада тынбай тер төгіп, оның дамуына ат салысып, бар саналы ғұмырын арнаған Тауман Салықбайұлы Амандосов ағамыздың еңбегі орасан зор.

«Өмірдің өзегі – адамның өзі. Өмірді, өнерді жасайтын тағы да адам. Өрине, бұл соншалықты тың тұжырым да емес, уақыт көрігінде қорытылып, тіршілік толқынында суарылған қағида. Талант иесін өмірдің, өнердің тұлғасымен тұтастыратын қасиет – еңбегі. Салалы, терең тамырлы бәйтеректер болады. Жер нәрін, табиғат құдіретін біз соған қарап сезінеміз. Солардың табиғатпен егіз тұтастығынан, қарапайым жарастығынан тіршілік тұрпатын танимыз» [1]. Белгілі түрколог ғалым, көрнекті публицист, зерделі зерттеуші Асқар Егеубай ағамыздың осы бір ғибратты сөзі біз сөз еткелі отырған тау тұлғалы Тауман Амандосов ағамызға тура бағытталып айтылғандай-ақ. Олай дейтініміз, ғалымдықты ұстаздықпен тоғыстырып, жүректе түйіскен қос арнаны шығармашылықпен ұштаған, сол арқылы еліне қаламгерлікпен қоса танылған Тауман Салықбайұлының қайраткерлік қызметі, ғылым саласындағы мәңгі өшпейтін, тайға басқан таңбадай сайрап жатқан сара жолы бізге қашанда ғибратты. Абзал ағаны көзімізбен көріп, тағылымды дәрістерін тыңдамағанымызбен де, артына аманат етіп қаладырған амандосовтық мол мұра мен ғалым, ұлағатты ұстаз жайлы көзкөргендер айтар естеліктер қашанда жан дүниемізге азық. Бар саналы ғұмырын сарп етіп, толағай теңіз ізденістен туған ғылыми теориялық еңбектері бүгінгі біз секілді шәкірттер игілігіне қызмет етуде.

1921 жылы желтоқсан айының 5-ші жұлдызында өмірге келген Атырау облысы, Балықшы ауданы, Кеңезек ауылының тумасы Тауман ағамыздың балалар үйінен бастау алатын шырғалаңа толы өмір жолы - ғалымды өмірдің сын тезіне салған сан сынағынан өткізіп барып, шығармашылық аталатын сырлы әлемнің қойнауына сүңгітіп жіберген болатын. Бұл жөнінде ағамыздың өзі де: «Көзімді ашқалы бері мені тағдыр аяған жоқ. Жетімдер үйі, тұяқ қалмаған ақсүйек аштық, соғыс уақытындағы тылдағы ауыр еңбек, ғұмырымда бала боп ортекедей бір орғытып ойнатпады. Мені құрсаулаған денсаулық. Ішер асқа, киер киімге жарымаған ақсақ жігітті қыздар не қылсын. Менің етегімді жауып, елге ілескенім, соңғы отыз-қырық жыл. Оның ар жағындағы өмірімді Құдай ешкімнің басына бермесін» [2] деп ағынан жарыла баяндайды. Тауман Амандосов бір жасқа толмас бұрын әкесі көз жұмады, екі жылдан соң оның анасында қайтыс болған, содан оны ағасы Төлеулы алып кетеді.

5 желтоқсан деген туған күн оған туу туралы куәлігі мен паспорт берер кезде, 1937 жылы жазылған. Балалар үйінде туылған күнін сталиндік конституцияның құрметіне берген. Негізі оның тегі Салықпаев болу керек болған, алайда оның әкесінің атын тегімен шатастырып, солай Амандосов болып кеткен.

1926 жылы Тауман 5 жасында ол Төлеулы ағасының үйінде тұрып жатады. Көп балалы отбасы, ағасының 10 аласы бар, жетім қалған

туыстарының балаларымен 16 бала тұрып жатады. Өмірлері өте ауыр болады, кішкентайлар үлкендердің киімін киіп өседі, ал аяқ киім атауымен жоқ [3].

Кейде Тауманды үлкендер ренжітеді, сол кезде ол өзінің немере апасы Сұлхияға барып тығылады. Ол болса Тауманды ешкіме ренжітуге жол бермей, үнемі қорғап жүрген.

Кейін, 1955 жылы Тауман Мәскеу қаласынан Сұлхияға арнап үлкен әдемі кілем әкеліп береді. Ол апасын өте жақсы көріп, ерекше қадір тұтқан. Сондықтан болар інісінің сыйға тартқан кілемін Сұлхия үйінің төріне іліп қойған.

1932 жылы кішкентай Тауман немере ағасы Аманғалимен бірге отқа жағар отын жинап жүрген кезінде, оны жылан шағып алады. Олар үйге барамын деенше аяғы ісіп кетеді. Оған үй іші өздігінен көмек көрстеуге тырысқанмен, көмектеспейді. Оны қаладағы ауруханаға алып барады, алайда бұл уақытта жыланның уы таралып, аяғын кесіп тастуға тура келген. Осы қиындықтарға қарамастан, кішкентай бала мойымай, өмірге деген құлшынысын ешуақытта жоғалтпаған.

1933 жылы Төрәұлы ағайы қайтыс болғаннан кейін Тауманды Гурьев қаласындағы балалар үйіне береді. Мұнда ол 1935 жылға дейін тәрбиеленеді. Тауман балалар үйінде орысша мектепке барады. Оған дейін Қайыршықты ауылындағы төрт сыныпты мектепке барып жүреді. Орыс мектебіне ауысқан соң ол, оқуға ден ойып, барынша тырысып жүреді [4].

1935 жылы Тауманды Орал қаласындағы мүмкіндігі шектеулі балалар үйіне ауыстырады. Мұндағы балалардың барлығының бір кемістігі болатын, бірінің қолы жоқ, енді бірінің көзі көрмейді, ал үшіншісі аяғынан арылған. Мұнда балалардың барлығын бірдей киіндіріп, тамақты аздап беретін болған. Осынша қиындықтарға қарамастан оның рухы әлі де берік, өмірге деген ұмтылысы әлі де күшті.

Жазда олар Орал өзеніне шомылуға баратын болған, онда тауман сау балалар секілді Оралды кесіп арғы жағына шығатын болған. 1941 жылы оны Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепке ауыстырады. 1942 жылы оны тәмамдап, атестат алады.

Сол жылы «үздік» және «жақсы» бағалармен атестат алған соң ол жұмыс істеуге кіріседі. 1942 жылы қазіргі Атырау қаласында шығып тұрған облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде әдеби қызметкер болып еңбекке араласқан кезінен былай қарай ол кісі журналистикадан бір елі ажырамай, қаламгерлікті өмірлік серігі етеді. Ол газетте жұмыс істеп жүрген уақытында облыстың аудандарын аралап, газетке қажетті материал жинаған. Күннің аптап ыстығына, қыстың қатал суығына қарамастан, Тауман газетте жұмыс істейді. Ал бұл бір аяы жоқ, сал адам үшін ерлікпен тең еді. Оған осы қажырлы еңбегі үшін 1945 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалын береді.

Айта кетерлік тағы бір жәйт, 1943 жылы майданнан Тауманның туған ағасы Көшен келеді. Ол он күнге Сталинград қаласынан келіпті. Сталинград қаласындағы майданға қатысқан. Он күн тез өтіп, олар вокзалда қоштасады. Бұл олардың соңғы кездесуі еді. Одан соң Тауман ағасын ешқашан көрген емес. Алайда жазушы өмірінің соңына дейін ағасын күтіп, ол бір күні қайтып келеді немесе хат жазады деп күткен.

1946 жыл. Жиырма бес жастағы Тауман өміріндегі ең бір шешуші жыл еді. Осы уақытта ол талайлардың биік арманы – атақты С.Киров атындағы

ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түседі. Оның курстастарының барлығы дерлік майданнан келген азаматтар болады.

Оған жатақханадан орын беріледі. Олар бөлмелерінде 8 адам болып, достық пен келісімде тұрады. Барлығы дерлік сабақты жарыса оқиды. Бірінші курсты аяқтаған соң олар бөлмелерін екіге бөліп, енді төрт адамнан тұра бастайды, олар: Абилдаев Құрманбек, Ахметов Қанапия, Қорқытов Берік және Тауман Амандосов. Тауман араларында басшысы болып сайланады. Ол тұрмыстық қажеттілікті ұйымдастырып жүреді. Тамақты әзірлеу және ыдыс жуу кезекпен болған.

Олардың қолданған ыдысы сол кездегі ең арзан балшықтан жасалған ыдыс болған. Ыдыс жуудан Берік Қорқытовтың кезегі келгенде ол үнемі бір ыдыс сындырады екен, сондықтан Тауман ыдыстарды үнемдеу үшін оны ыдыс жуудан алыстады. Тек, 20 жыл өткен соң ғана, ыдыс жуғысы келмеген, Берік ыдысты әдейі сындыратын белгілі болды. Тағы айта кетерлігі Берік ешқашан тамақ әзірлемейтін көрінеді, оның орнына үнемі қыздар дайындап береді екен. Ал, оның қыздарды қалай көндіретіні әлі күнге дейін құпия.

Егер олар қандайда бір жұмыс істеп, ақша табатын болса, қаржы орта есеппе салынған. Ол ақшаға Тауман азық- түлік сатып алатын болған. Соғыстан кейінгі қиын кезең, олар тоя тамақ жемеседе, өмірлеріне дән риза болған.

Оған көмектесетін адам болған, сондықтан оқумен қатар ол жұмыста істейді. Соған қарамастан сабақты өте жақсы оқыған.

1946 жылы ол өзінің жары Мамыр Омаровамен танысып, отбасын құрады. Олар қте тату-тәтті өмір сүрген. Көзін көргендердің айтуынша бұл ең бір тамаша жұп болған. Тауманның достары оның жарын қадір тұтқан, тіпті Манаш Қозыбаев мынадай өлең жолдарын арнаған:

Мәкеңнің ел сыйлайды аналығын,

Ұстаған қара шаңырақ даналығын.

Тәкең де еркелейді есіне алып,

Детдомда көре алмаған балалығын [5].

Тауман мен оның жары төрт бала тәрбиелеп, өсіреді. Олардың барлығы қазіргі таңда лауазымды қызметте, жақсы адам болып өсті.

1950 жылы оқуын үздік дипломмен тәмамдаған жас маманды, университет ректоры Т.Тажимаев байқайды. Оның бойындағы даралы, ұйымдастырушылық, айналасыдағылар алдындағы беделін көрген басшы оған жұмысқа қалуды ұсынады. Тауман бірде келісе кетеді. Солай қасиетті білім ордасы – ҚазМУда аға оқытушы блып, қызметтік жолы басталады.

Екі жылдан кейін университеттің сырттай оқу жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалып, оны абыроймен атқаруы сенім үдесінен шыға білгендігі жайынан сыр шертеді. 1958 жылдан 1966 жылға дейін қазақ білімінің қарашаңырағы ҚазМУ-дің филология факультетінің алдымен бір жыл деканның орынбасары, одан кейін тоғыз жыл бойы тапжылмай декан қызметін абыроймен атқаруы – айрықша атап айтуды қажет ететін елеулі еңбек. 1966 жылы ол кісінің басшылығымен филология факультеті құрамындағы журналистика бөлімі арнайы факультет болып еншісін алып шықты. Тауман аға осы факультеттің тұңғыш деканы болып сайланып, бұл абыройлы міндетті 1971 жылға дейін үлкен жауапкершілікпен, толымды табыстармен атқарды. 1969 жылы факультетте телерадио кафедрасының ашылуына ұйытқы болып,



оған жетекшілік жасаса, 1971 жылдан өз ұсынысымен ашылған қазақ журналистика кафедрасының профессоры болып қызмет етті. Ал 1976 жылдан өмірінің соңғы сәтіне дейін замандастары Амандосов кафедрасы атап кеткен журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі міндетінде де үлгілі өнеге көрсетті» [6].

Тауман Амандосовтың өміріндегі көптеген жәйттер Мұхтар Әуезовпен байланысты болды. Ол Мұхтар Әуезовты сыйлаған және құрметтеген. М.Әуезов ҚазМУ лекция оқитын болған. Тауман Амандосов сол уақытта ең жақсы, ең үлкен аудиторияларды Мұхтарға беретін болған, себебі оның лекцияларына тек филология мамандығының студенттері ғана емес, өзге университеттің студенттері де келетін болыпты.

50 жылдары М. Әуезовты кудалау басталды да оның Мәскеуге кетуіне тура келді. Құғын жылдары Тауман өзіне тәнген қауіпке қарамастан Әуезовтың қайтадан филология факультетінде лекция оқуын талап еткен. Кейбір мекемелерде Тауманға: «Байқаңыз, сіздің өзіңіз репрессияға ұшырауыңыз мүмкін. Мұның сізге не керегі бар» деп ескерткен. Дегенмен Тауман өз ұстанымында қалған, ал бұл әрекет сол уақыттарда өте батыл қадам еді.

Ол М. Әуезовты өзінің туған әкесіндей қорғаған. Бірде М. Әуезовқа аяқ-астынан ақша керек болып, ол бугалтерия бөліміне барады. Алайда оған ақша бермейі, себебі жалақысын жақында ғана берген, ал аванс дегенді сағатпен келетін қызметкерлерге бермейтін болған. Сонда ренжүлі М. Әуезов Тауман Амандосовқа келіп: «Тауман, әлгі счатовод (университеттің бас есепшісін солай атаған) маған ақша бермей отыр. Ешнәрсе істеуге болмайды ма?».

Тауман бас есепшілікке барады. Ал, есепші болса М. Әуезовке түсіндіргенін, бұйрық бар екен, оны бұза алмайтынын айтады. Сонда Амандосов өз жауапкершілігінде ақша беруді сұрайды. Солай Әуезовқа көп көрсеткен адам [7].

Сондай-ақ, Тауман Салықбайұлы – қазақ кеңес журналистикасының тарихы мен теориясы және алғашқы публицистерінің шығармашылығын зерттеп, зерделеген, осы бағытта көптеген ғылыми еңбек жариялаған қайраткер, ғалым-қаламгер. 1982 жылы Мәскеуде МГУ-дың профессоры, әйгілі ғалым Ясен Николаевич Засурскийдің жетекшілігімен «Қазақ публицистикасының тарихы, өркендеуі және проблемалары» атты докторлық диссертация қорғап, республикамызда журналистика теориясы бойынша тұңғыш ғылым докторы, профессор атағын алды. Журналистика факультеті студенттеріне арнап шығарған «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары» атты тұңғыш оқулықтың авторы да. Сонымен бірге 11 монографияның, соның ішінде күні бүгінге дейін студенттердің қолынан түспейтін «Публицистика – дәуір үні», «Газет жанрлары», «Журналист және өмір» атты айтулы оқу құралдарының иесі.

Ол қазақ публицистикасының негізін салды. Т.С. Амандосов публицистиканың жанр концепциясын дамытуына өзгеше көңіл бөлді, әсіресе информациялық, аналитикалық және көркем әдебиеті туралы. Ол тек журналистика ғылымының теориясының ұғымы ғана емес басқа аса маңызды газет журналдардың мәселелеріне көптеген тақырыптар жазды. Ол сол уақыттың жылнамасы болып қалды. Профессор Т.С. Амандосов ашқан журналистиканың дәстүрлі бағытын осы күні оның шәкірттері ары қарай дамытуда.

Т.С. Амандосов үлкен қоғам жұмысын да атқарды. Ол делегат болып журналистер одағының II, III, IV съездеріне сайланды, ал III съезінде КСРО журналистер Одағының басқармасының мүшесі болып сайланды.

Қазақстан журналистер одағының мүшесі болды. Бірнеше жылдар бойы Алматының қалалық журналистер одағын басқарды. Журналистер шеберлігінің Университетінің ректоры болып қызмет істеді.

Ол Қазақ Совет Энциклопедиясының ғылыми редакциясының мүшесі болды, Совет-Үнді достығының қазақ бөлімінің мүшесі болды. Екі рет КСРО-ның делегациясының мүшесі болып Индия мен Пакистанда Қазақстанды танытты. Ол туралы Индия баспа сөзінде өзін өзі көтерген адам деп басылды.

Филология ғылымының докторлық, ғылыми педагогикалық қызметіне Т. С. Амандосов бір неше рет КСРО-ның және КазКСР-ның үкімет наградтарымен сыйланған. Оған «Жоғарғы оқу орындарына еңбегі сіңген қайраткері» атағы берілген.

Т.С. Амандосов журналистердің көп ұрпақтарына ұстаз және Қазақстанда журналистердің жоғарғы білімінің талантты ұйымдастырушысы болды. Бүгінгі күнде оның шәкірттері газет және журнал редакцияларында, телевидение де, радио мен баспаларда қызмет атқарады.

Сирек қабілеті бар Т.С. Амандосов келешекте журналистер, жазушы немесе мемлекет қызметкері болып атағы шығатын талантты көре білді. Ондай оқушыларды факультетке тартты. Көп атақты, белгілі қазақстан журналистері ұстазымыз, қамқоршымыз деп атайды. Ол көп талантты адамдарды ашты. Оның жетекшілігімен диплом жұмыстарын қорғағандардың ішінде Әбіш Кекілбаев, Қуаныш Сұлтанов, Мырзатай Жолдасбеков және т.б. Сондықтан осы күнге дейін Т.С. Амандосовты ғажап адам дейді.

Мысалы, Тау тұлға болмысынан тани білген адамдардың бірі Алтынбек Сәрсенбаев болған. Олардың алғашқы кездесуі туралы Сағатбек Медеубек ұлы былай жазады: «Есік айқара ашылып, таяқ кірді, одан соң таяқ ұстаған қол кіріп келе жатқанда, “бұ кім?” деген сауалдың салмағынан тұра алмай, бәріміз орнымызда отырдық та қалдық. Артынша-ақ иегін сәл көтере денесін тік ұстап, алпысты алқымдап қалған қырғи қабақ, қыран тұмсықты, артқа қайырған қайратты шашы ашаң жүзіне айбат қосқан бейтаныс профессор бір аяғын сыртқа жібере сылти басып, таяғына сүйене адымдап ішке енді. Бір кісідей орнымыздан тік тұрып қарсы алдық..

Иә, Т.Амандосовтың шығармашылық жолында айрықша өркештеніп «мен мұндалап» жататын үлкен саласы бар. Ол – ұлттық журналистика ғылымындағы алғашқы ізашарлардың бірі ретіндегі зерттеушілік еңбегі. «Әрине, тыңнан жол салғандарға қашанда қиын. Өйткені, олардың алдында бұрыннан түскен сүрлеу де, соқпақ та жоқ. Сондықтан да әлгіндей адамдар тәуекелін серік етіп, белгісізге бет түзейді, кейінгіге жол ашып, бағыт-бағдар сілтейді». Тау тұлғалы Тауман ағамызды дәл сондай адам десек, титтей де артық айтпағандық болар еді.

Тауман Салықбайұлы - сол кездің өзінде қазақ публицистикасын зерттеу ісінің әлі де өз деңгейінде емес екенін сезіп, сол үшін алаңдап өткен ғалым. Өзінің «Қазақ публицистикасын зерттеу туралы» деген мақаласында ол кісі бұрын шыққан еңбектер мен мақалаларды қарастыра келіп: «қазақ публицистикасының жете зерттелмегені, бір жүйеге келтірілмегені айқындала түседі»-деп ашық айтады. Осыған орай болашақ зерттеулердің бағыт-

бағдарын сілтеп, он шақты көкейкесті тақырыпты ұсынады. Солардың ішінде «Қазақ публицистикасының пайда болу, қалыптасу және даму тарихы» деген тақырып та бар. Мұнің өзі ғалымның ұлттық публицистика тарихы мен теориясының арғы – бергі кезеңдерін көктей шолып тұтастықта қарастырауды армандағанын көрсетеді. Қазақ журналистикасы ақсақалының бұл ойлары әлі күнге назарда болуға лайық.

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:**

1. Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы, - Алматы: Мектеп, 1978, 8 б.
2. Амандосов Т.С. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары, - Алматы: Мектеп, 1968.
3. Тертычный А.А. Жанры периодической печати, - Москва: Аспект Пресс, 2006.
4. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері, - Алматы: Қазақ университеті, 2007, 401 б.
5. Амандосов Т.С. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары, - Алматы: Мектеп, 1968.
6. Стрельцов Б.В. Основы публицистики. Жанры, - Минск: Университетское, 1990.
7. Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары, - Алматы: Білім, 2004.
8. Амандосов Т.С. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары, - Алматы: Мектеп, 1968.
9. Амандосов Т.С. Публицистика – дәуір үні. – Алматы: Қазақстан, 1974, 70 б.

Козуев Дурус Исакбаевич  
Бишкекский гуманитарный университет им. К. Карасаева  
(Бишкек, Кыргызская Республика)

## СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СЛОЖНОПОДЧИНЕННЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ С ПРИДАТОЧНЫМ ОБСТОЯТЕЛЬСТВЕННЫМ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

*В данной статье рассматриваются основные типы сложноподчиненных предложений с придаточным обстоятельством в английском языке которые описывают гетерогенную семантику в составе изучаемого типа предложения, и относятся к глаголу, прилагательному или наречию в составе главного предложения и могут быть подразделены на восемь групп: 1. места, 2. времени, 3. образа действия, 4. причины, 5. цели, 6. следствия, 7. уступительные, 8. условные. Проведенный лингвистический анализ показывает, что все типы английских сложноподчиненных предложений с придаточными обстоятельными, без исключения, обладают полносоставной объектно-предикатной структурой с полной предикацией на уровне своих составных частей и выражает событийную пропозицию на уровне смысла всего сложноподчиненного предложения.*

**Ключевые слова:** сложноподчиненное предложение, придаточное обстоятельное, предикация, препозиция, постпозиция, простые союзы, составные союзы, объектно-предикатная структура, гетерогенная семантика.

### STRUCTURAL AND SEMANTIC FEATURES OF COMPLEX SENTENCES WITH AN ADVERBIAL CLAUSE IN ENGLISH

*This article discusses the main types of complex sentences with an adverbial clause in English that describe heterogeneous semantics as part of the studied type of sentences, and relate to a verb, adjective or adverb as part of the main sentence and can be divided into eight groups: 1. places, 2. time, 3. mode of action, 4. reasons, 5. goals, 6. consequences, 7. concessive, 8. conditional. The conducted linguistic analysis shows that all types of English complex sentences with subordinate circumstances, without exception, have a fully composed object-predicate structure with full predication at the level of their constituent parts and expresses an eventual proposition at the level of meaning of the whole complex sentence.*

**Key words:** complex sentence, relative clause, predication, preposition, postposition, simple conjunction, complex conjunction, object-predicate structure, heterogeneous semantics.

Сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельным в аналитическом германском английском используются для описания разнообразных обстоятельств: 1. места, 2. времени, 3. образа действия,

4. причины, 5. цели, 6. следствия, 7. уступительности, 8. условия [1. С. 329; 2. С. 11-12].

Данные подчинённые придаточные вводятся в аналитическом английском языке различными подчинительными простыми и составными союзами: when, where, while, after, before, until, till, since, as, because, that, lest, as...as, not so...as, than, if, unless и др.

Сложноподчиненные предложения с придаточным обстоятельственным не являются гомогенной группой с идентичными лингвистическими характеристиками, данные предложения являются скорее группой гетерогенной, состоящей из разнопорядковых языковых единиц. Но, все же, являя собой группу гетерогенного порядка, английские сложноподчиненные предложения с придаточным обстоятельственным имеют один общий признак, соотносящий их со второстепенным членом предложения обстоятельственным. Придаточное обстоятельственное является аналогом второстепенного члена предложения обстоятельства, но аналогом расширенным и протяженным в лингвистико-синтагматической действительности, и как простое обстоятельство, является синтаксической единицей, «обозначающей условия, в которых протекает процесс» [3. С. 19].

Также как и второстепенный член предложения обстоятельство, придаточное обстоятельственное имеет самую разнообразную, гетерогенную семантику в составе сложноподчиненного, относятся к глаголу, прилагательному или наречию в составе главного предложения и могут быть подразделены на восемь групп - придаточные: 1. места, 2. времени, 3. образа действия, 4. причины, 5. цели, 6. следствия, 7. уступительные, 8. условные.

Данная классификации сложноподчиненных предложений с придаточным обстоятельственным является общепринятой в англистике [4. С. 278-279; 5. С. 65], но с оговоркой: «Многочисленная и разнообразная группа обстоятельственных предложений по передаваемым ими отношениям в основном соответствует обстоятельствам в простом предложении, хотя по степени связи с главным далеко не всякое предложение этой группы можно сопоставить с соответствующим членом предложения» [1. С. 329]. Приведем некоторые примеры из англоязычного материала:

(1) *I write there, where no human eye can see me, down by the pond - they call in the lake - at the foot of Beverly-Jones's estate* [6. С. 96] - *Я пишу эту строку в таком месте, где меня не может видеть ни одно человеческое существо, - у пруда (они называют его озером), которым заканчиваются владения Беверли-Джонса.*

(2) *When I was a boy, a forward wretch, whom I met on the highway, thought proper to be angry at some jest that escaped me, and snatching up a pebble about half the size of my first, knocked me down with it* [7. С. 48]. - *Когда я был мальчиком, один неотесанный негодяй, встретившийся мне на открытой дороге, оскорбился какой-то моей безобидной шуткой, подобрал с земли камень размером с полкулака и запустил мне в голову.*

(3) *"I am the boy", continued he, "perhaps a little - just a leetle of the best man, at a horse swap, that ever trod shoe-leather"* [8. С. 152] - *Я - этот мальчик, - продолжал он, - и я чуточку - самую чуточку - лучше всякого, кто ходит на кожаных подметках и проует менять лошадей.*

(4) *The movements of this inscrutable being had long been the subject of speculation at Cockloft Hall, for its inmates were full as much given to wondering as their descendants* [9. С. 114] - В Коклофт-холле о повадках этого непостижимо человека тоже строили всевозможные догадки, ибо наши предки не менее, чем мы, грешные, любили посудачить о своих ближних.

(5) *She drew a plan of the village so that Mr. Riegel might be able to find her house easily* [10. С. 119] - Она нарисовала план деревни, чтобы мистер Ригель смог легко найти ее дом.

(6) *"It'll begin to be daylight in a couple of hours so that you go back and watch that long, will you?"* [11. С. 161] - Через пару часов начнет светать, так что ты возвращайся и следи как можно дольше, хорошо?

(7) *"I've got her, Jack," he cried, "Though it's been hard work, I can tell you"* [12. С. 117] - Нашел, Джек, - кричит он, - хотя это было нелегкое дело, я тебе скажу.

(8) *If he had more white-wash he would have made poor every boy in the village* [11. С. 30] - Если бы не закончилась известь, он разорил бы всех мальчишек горodka.

В примере (1) сложноподчиненное предложение имеет при себе придаточное обстоятельственное места, введенное союзным словом **where**.

По вопросу лингвистического статуса **where** в англистике имеются разногласия: его считают союзным словом или союзом. "В грамматиках нет единого взгляда на природу слов, подчиняющих придаточные предложения места: **where, whether, wherever** рассматриваются то как союзы, то как союзные слова. Однако между союзом и союзным словом существует, как известно, принципиальное различие: союзное слово не только подчиняет придаточное предложение к главному, но и выступает в придаточном в функции одного из его членов" [1. С. 330; 4. С. 217].

В примере (1) придаточное обстоятельственное места вводится союзным словом **where**, которое поясняет наречие места **there**. Союзное слово исполняет в данном постпозитивном придаточном места двойную функцию: 1. оно выполняет в структуре придаточного функцию подчинительного союза со значением места; 2. оно выполняет в структуре придаточного функцию обстоятельства места. Таким образом, союзное слово **where** наслаивает три обстоятельственно-местных значения один на другой: первое значение, которое имплицитно **where**, - это значение подчинительного союза с местным значением; второе значение - это значение обстоятельственного местного для всего придаточного предложения, а третье значение - это значение обстоятельства места в структуре самого придаточного.

В примере (2) употреблено сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным времени: данное придаточное времени, стоя в препозиции, связывается с постпозитивным главным союзным словом **when**.

Данное "союзное слово **when** присоединяет придаточное предложение к главному и одновременно служит обстоятельством времени в придаточном предложении" [4. С. 217]. Добавим также, что данное союзное слово **when** выполняет еще одну функцию: оно придает всему придаточному в сложноподчиненном предложении (2) значение места.

В сложноподчиненном предложении с придаточным обстоятельственным образа действия (3) данное придаточное вводится союзом **that**. “Придаточные предложения образа действия отвечают на вопрос **how? - как? каким образом?** Они соединяются с главным предложением союзами **as - как, as if (as though) - как будто (как если бы), that - что**” [5: 68].

В примере (4) употреблено сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным причины; последнее занимает постпозицию относительно главного, введено союзом **for**. Данный союз **for** зачастую является синонимом другого подчинительного союза **because** и присоединяет придаточные причины к главному, как это имеет 3 место быть в нашем примере (4) [13. С. 511].

В сложноподчиненном предложении с придаточным цели (5) данное постпозитивное обстоятельственное придаточное цели вводится союзом **so that**. “Предложения цели, выражающие целенаправленность действия, вводится союзами **that, in order that, so that** и союзами с отрицательным значением **lest** и **for fear that**” [1: 335].

Сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным следствия (6) также, как и ранее придаточное цели, вводится и присоединяется к препозитивному главному союзом **so that**. “Придаточные обстоятельственные предложения следствия или результата выражают следствие, вытекающее из содержания всего главного предложения. Они присоединяются к главному предложению союзом **that – что**, относящимся к наречию степени **so – так, такой** в главном предложении, и составным союзом **so that – так что**, вместо которого в разговорной речи часто употребляется **so**” [14. С. 243].

В примере (7) употреблено английское сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным уступительным; придаточное обстоятельственное, находящееся в препозиции к главному предложению, соединяется с главным посредством союза **though**. “Уступительные придаточные предложения указывают на обстоятельство, вопреки которому совершается действие главного предложения. Они соединяются с главным союзами **though (although) - хотя, in spite of the fact that notwithstanding that - несмотря на то что, whoever - кто бы ни, whatever - что бы ни, however - как бы ни, no matter what - что бы ни, no matter how - как бы ни** и др.” [5. С. 70].

В примере (8) употреблено сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным условия; данное придаточное обстоятельственное присоединяется к главному посредством союзом **if**. “Условные предложения, в отличие от уступительных, указывают на условие, при реализации которого становится возможным осуществлении действия главного предложения... Ведущим союзом является **if**; остальные союзы лишь уточняют отношение, выраженное **if**” [1. С. 336].

Актуальным остается вопрос о четком ограничении друг от друга внешне сходных, но внутренне различных придаточных обстоятельственных от сложных обстоятельств. Во-первых, это так называемые сложные обороты с неличными формами глагола в составе простых элементарных предложений, типа:

A) I remember a holiday of mine being ruined by our paying attention to the weather report of our local newspaper. - Я помню, как был испорчен мой отпуск тем, что мы приняли во внимание прогноз погоды нашей местной газеты [4. С. 44].

Во-вторых, это так называемые сложные обстоятельства цели с предлогом for (For-Complexes) в составе простого распространенного элементарного предложения, типа:

B) They stopped at the stream for the horses to drink. - Они остановились у речки, чтобы лошади могли напиться. [15. С. 230].

В-третьих, это собственно сложные обстоятельства (The Complex Adverbial Modifier), которые реализуются в составе простого распространенного элементарного предложения, типа:

C) In the lecturer's entering the hall there was loud applause. - Когда лектор вошел в зал, раздались громкие аплодисменты. [5. С. 23].

Основные отличия придаточного обстоятельственного в составе сложноподчиненного от сложного обстоятельства в составе простого распространенного элементарного предложения мы усматриваем в двух моментах: Во-первых, это различное употребление глагольных форм: в придаточных обстоятельственных они употребляются в личной форме [см. примеры (1)-(8)], в то время как в сложных обстоятельствах они употребляются в неличных глагольных формах инфинитива с частицей *to*, герундия и причастия [см. вышецитированные примера со сложными обстоятельствами A), B) и C)]. Во-вторых, придаточные обстоятельственные обладают предикацией, детерминируемой глагольным сказуемым в личной форме. "Типичным способом выражения предикаций является выражение её с помощью предикативных (личных) форм глагола" [3. С. 106]. В то же самое время неличные глагольные формы: инфинитив, герундий и причастие - никак не могут выражать предикацию, т.е. соотносить обозначаемое явление с реальной действительностью.

Английские сложноподчиненные предложения с различными видами придаточных обстоятельственных выражают полную предикацию в своих составных частях: главном и придаточном предложениях - и событийную пропозицию на уровне содержания всего сложноподчиненного. Однако проиллюстрируем данное суждение на фактическом материале сложноподчиненных предложений с придаточными обстоятельственными:

(9) *Therefore he is the one alone  
Who is our common looking-glass  
And my faithful mirror, I own,  
Where I can look, and there can see  
My defeat, and my victory.*

[16. С. 77] -

*И потому он - единственное  
Общее наше,  
И в том числе моё,  
Правдивое зеркало,  
В нем я вижу  
Свои поражения и победы.*



(10) *Suddenly, as the seaman stumbled against the entrance of a tall and ghostly-looking building, a yell more than usually shrille from the throat of the excited Legs, was replied to from within, in a rapid succession of wild, laughter-like and fiendish shrieks* [17. С. 234] - Внезапно, когда матросы набрали на вход в высокое и зловещее здание, особо пронзительному крику возбужденного Легса и ответил изнутри быстрый и нестройный хор бешеных, дьявольских воплей, похожих на смех.

(11) *During the harangue, little Bullet looked as if he understood it all, believed it, and was ready at any moment to verify it* [8. С. 155] - Во время этих разлагающих ураганов Урагантик стоял с таким видом, словно понимал их, верил им и готов был в любую минуту доказать их справедливость.

(12) *"She'd come up with her cousin to London - her cousin was my sister-in-law, and the other niece had married a man named Evans, and Evans, after it was all over, had taken the box round to Mr. Jacobs' because Jacobs' father had seen the man, when he was alive, and when he was dead, Joseph - "* [12. С. 52] - "Она приехала в Лондон со своей кузиной - её кузина приходится мне золовкой, а вторая племянница вышла замуж за человека по имени Эванс, а Эванс, когда всё было кончено, занес ящик и мистеру Джейкобсу, потому что отец Джейкобса видел этого человека, когда он был жив, а когда он умер, Джозеф..."

(13) *To compensate for the slight shrinkage of time he is able to devote to it, he becomes more strict and exciting; grows and harsher master to his people sterner creditor, a greedier dealer, squeezing the undermost out of every one, feverish to grow richer, so that he may spend more upon the game that day by day he finds more tiresome and uninteresting* [12. С. 126] - Чтобы вознаградить себя за те немногие часы, на которые ему приходится от дел, он становится суровее суровее и требовательнее; он делается более строгим хозяином, неумолимым кредитором, жадным торговцем, выжимающая из людей всё до последнего, лихорадочно стремясь стать еще богаче, чтобы иметь возможность потратить больше денег на игру, которая с каждым днем становится для него все более утомительной и неинтересной.

(14) *The leaves of the trees were very dark and thick, so that no ray of light came through the branches* [18. С. 89] - Листья деревьев были очень темные и густые, так что ни один луч света не мог пробиться сквозь ветви.


(15) *Clive Devon went out in spite of the fact that he had a bad cold* [10. С. 67] - Клив Девон вышел, не смотря на то, что он был очень простужен.


(16) *If he did not do it, then the adventure would be proved to have been only a dream* [11. С. 157] - Если не заговорит, значит, приключение окажется просто сном.

В примере (9) представлено сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным места, последнее введено в структуру сложного союза where. В данном сложном предложении лексема where является союзом, а не союзным словом, поскольку он выполняет только одну функцию союза и не является членом предложения в придаточном обстоятельственном. "В английском языке некоторые союзы совпадают по форме с предлогами и наречиями. Отличить такие союзы от предлогов и



наречия можно по значению и по функции, выполняемой ими в предложении” [4. С. 217; 19. С. 456-457]. А данная лексема *where* в приведенном выше примере не является местоименным наречием *where* и не исполняет в структуре предложения никакую функцию, например, обстоятельства места.

В главном предложении, и в придаточном сложноподчиненном предложении (9) выражены полные предикации, поскольку в них обоих представлены полносоставные субъектно-предикатные структуры [Subject + Predicate], которые, в свою очередь, обуславливают манифестацию событийной пропозиции на уровне всего содержания сложноподчиненного предложения. Напомним, что наши схематизированные символы имеют следующие значения:

[  ]- полная предикация на уровне одной части сложного предложения;

[  ]- событийная пропозиция на уровне всего сложного предложения;

и представим нашу схематизацию сложноподчиненного предложения (9):



(9): [  ] *where* [  ]

Отметим, что в примере (9) к главному предложению примыкает также придаточное определительное, введенное союзным словом *who*, но здесь мы его оставим без внимания, поскольку наш объект анализа - придаточное определительное, следующее за второй однородной составляющей с определяемой лексемой - именной частью составного именного сказуемого *mirror*.

Главное предложение *he is ... my faithful mirror* в совокупности с придаточным обстоятельственным места *where I can look and there can see my defeat, and my victory* выражают в понятийно-смысловом плане на уровне всего сложноподчиненного событийную пропозицию; в данном примере данная пропозиция конституируется синтетически или расщеплено, поскольку придаточное места перемежается с придаточным определительным и с аппозитивно-введенным предложениями.

“Не менее существен для формирования каузативных конструкций фактор синтетического и расщепленного обозначения **событий**. Это явление, важное для понимания многих построений, заключается в “экстракции” субъекта, получающего в строе предложения отдельную синтаксическую позицию” [20. С. 174; 21. С. 35].

В примере (10) употреблено сложноподчиненное предложение, в котором обе составные части: главное предложение и придаточное обстоятельственное времени - обладают полносоставными субъектно-предикатными структурами:

(10): [  ] *as* [  ]

Придаточное времени введено союзом *as* и находится, в сущности, в

интерпозиции внутри главного предложения, поскольку на первое место в составе сложного вынесено обстоятельство времени **suddenly**, которое занимает эту начальную позицию ввиду его актуализации и смыслового акцентирования [22. С. 14].

Событийная пропозиция, заключается в сложноподчиненном предложении с придаточным обстоятельственным времени (10), можно представить как объемное элементарное “номинативное предложение, выполняющее единое коммуникативное задание осознания смысла. Этот факт не может не отразиться на расширении семантических свойств номинативного предложения как определенной синтаксической единицы” [23. С. 120; 24. С. 86].

В примере (11) употреблено сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным образа действия; последнее введено в структуру сложного подчинительным составным союзом **as if** и поясняет глагол **looked**. Обе части данного сложноподчиненного предложения: главная и придаточная - обладают полносоставными субъектно-предикатными структурами, выражают полную предикацию и в совокупности двух субъектно-предикативных структур, также выражают событийную пропозицию.

(11): [bullet + looked] as if [he + understood; believed; was ready...]

В придаточном обстоятельственном в примере (11) употреблены два типа сказуемого: 1. простое: **understood; believed;** и 2. составное глагольное **was ready...** Наличие двух типов сказуемого в большей мере обуславливают не только предикацию на уровне придаточного, но также и событийную пропозицию на уровне всего сложного предложения. Событийная пропозиция только усиливает предикацию в качестве высшей абстрагированной формы её проявления. Следствием такого усиления является то, что содержание всего сложноподчиненного приобретает законченность и актуальность и всем своим смыслом соотносится с действительностью [3. С. 102].

В примере (12) употреблено сложноподчиненное предложение с придаточным причины, последнее введено подчинительным причинным союзом **because**. Также, как и в примере (9) мы анализируем в данном примере (12) только интересующие нас синтаксическую единицу сложноподчиненного с придаточным обстоятельственным причины, оставляя прочие виды придаточных вне нашего внимания.

(12): [she + did come up ...] because [father + had seen]

Полносоставные субъектно-предикатные структуры, обладающие полной предикацией в обоих составных частях сложноподчиненного (12) детерминируют на уровне всего содержания данного сложноподчиненного событийную пропозицию.

В примере (13) употреблено английское сложноподчиненное предложение с придаточным цели; последнее вводится сложносоставным подчинительным целевым союзом **so that**. Обе составные части данного сложного предложения показывают полносоставные субъектно-предикатные структуры а, следовательно, выражают полные предикации:

(13): [he + becomes...] so that [he + may spend].

В данном примере с несколькими придаточными, среди которых нас интересует придаточное обстоятельственное причины, событийная пропозиция в сложноподчиненном с данным придаточным причины является только одной составной частью (но составной частью сложного вида) в более объемной структуре сложноподчиненного с несколькими придаточными, а также и сложными членами предложений. В данном объемном сложноподчиненном предложении содержатся сложный причастный оборот с **for**, сложные дополнения с **to**, придаточное дополнительное с **that**, и это кроме анализируемого нами придаточного причины [5. С. 80-81].

В примере (14) содержится сложноподчиненное с придаточным следствия; последнее введено в состав сложного посредством сложносоставного союза **so that** (часто вместо данного составного союза **so that** в разговорной речи употребляется просто его часть **so**). Субъектно-предикатные структуры обеих частей данного сложноподчиненного представляются полносоставными, а, следовательно, обладающие полной предикацией, которые, в свою очередь, обуславливают событийную пропозицию на уровне смысла всего сложного предложения:

(14): [The leaves... + were dark as thick] so that [no ray of light + came...].

Придаточное предложение в английском примере (14) выражает следствие, вытекающее из содержания главного предложения. Поскольку действия в обеих частях сложного совершаются одновременно, то постольку в них употреблена одна и та же простая глагольно-временная форма прошедшего неопределенного времени (Past Indefinite) [25. С. 60].

В примере (15) употреблено сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным уступительным; данное придаточное уступительное указывает на обстоятельство вопреки которому совершается действие в главном предложении, и вводится в структуру сложноподчиненного посредством подчинительного сложносоставного союза *in spite of the fact that*. Субъектно-предикатные структуры в обеих составных частях сложноподчиненного предложения (15) представляются полносоставными, а, следовательно, выражающими полную предикацию на данном уровне составных частей; на уровне же всего смысла сложноподчиненного предложения полная предикация составных частей детерминирует событийную пропозицию:

(15): [Clive Devon + went out] in spite of the fact that [he + had a bad cold]

В примере (16) употреблено сложноподчиненное предложение с придаточным обстоятельственным условием; придаточное условие стоит в структуре сложного в препозиции и соединяется с главным предложением подчинительным условным союзом *if*. Осуществление действия главного предложения зависит от того условия, которое выражено в придаточном. Такая зависимость выражается в различных формах выражения сказуемого в обеих частях сложноподчиненного в примере (16): если придаточная часть

выражена глагольно-временной формой прошедшего неопределенного времени (the Past Indefinite Tense), то главная часть выражается глагольно-временной формой будущего длительного в прошедшем (the Past Continuous in the Past). Такое разнопорядковое «согласование времен осуществляется, если употребление прошедшего времени в главном предложении меняет позицию во времени события, описываемого в придаточном» [25. С. 88].

(16): [he + did not ... ] if [the adventure + would be proved to have been ...]

В данной схематизации позиционное размещение придаточного и главного проведено так, как оно имеет место в самом примере (16). В обеих частях сложноподчиненного предложения (16) - в главном и придаточном - представлены полносоставные субъектно-предикатные структуры с полной предикацией, которые детерминируют общее содержание всего сложного предложения как явления с событийной пропозицией.

Английские придаточные обстоятельственные были отделены нами от внешне сходных, но внутренне отличных грамматических явлений: А) от сложных оборотов, включающие в себя личинные формы глагола, Б) от сложных обстоятельств цели с предлогом for (for-Complexes) и В) от собственно сложных обстоятельств. Отличие трёх последних от активного придаточного обстоятельственного было произведено по двум критериям: I) придаточное обстоятельственное имеет в своем составе всегда личную форму глагола-сказуемого, в то время как данные грамматические явления имеют только личинные глагольные формы: инфинитив, герундий и причастие; и II) придаточные обстоятельственные являются предикативными единицами, в то время как данные грамматические явления являются единицами непредикативного типа.

Проведенный лингвистический анализ выявляет, что все английские сложноподчиненные предложения с придаточными обстоятельственными, всех без исключения видов, обладают полносоставной объектно-предикатной структурой с полной предикацией на уровне своих составных частей и выражает событийную пропозицию на уровне всего смысла всего состава сложноподчиненного предложения.

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Жигалдо В.Н., Иванова И.П., Иофик Л.Л. Современный английский язык. Теоретический курс грамматики: Учебник — М.: Изд-во лит-ры на иностр. языках, 1956. - 350 с.
2. Firbas J. On defining the theme in functional sentence analysis. - *Travaux Linguistiques de Prague*, v. 1. - Prague: Editions de l'Acad. Tchecoslov. d. sciences, 1964. - P. 3-45.
3. Смирницкий А.И. Синтаксис английского языка. - М.: Изд-во лит-ры на иностр. языках, 1957. - 286 с.
4. Беляева М.А. Грамматика английского языка. - изд. 6-е. - Учеб. пос. для студ. - М.: Высшая школа, 1977. - 333 с.
5. Качалова К.Н., Израилевич Е.Е. Практическая грамматика английского языка: в 2-х т. - т. 2, 8-е изд. - Киев: Методика, 1995. - 304 с.
6. Leacock St. 15 Best Humorous Stories. - М.: Эксмо, 2014 – 288 с.

7. Brown Ch.B. The Scribbler (1790-1791) // Американская романтическая проза. Сборник / Сост. А.Н. Николюкин (на англ. и рус. яз) - М.:Радуга, 1984 - С. 46-65.
8. Longstreet A.B. The Horse Swap (1832) // Американская романтическая проза. сборник / Сост. А.Н. Николюкина (на англ. и рус. яз.) - М.: - Радуга, 1984 – С. 180-188.
9. Irving W. Legend of the Rose of the Alhambra (1832) // Американская романтическая проза. сборник / Сост. А.Н. Николюкина (на англ. и рус. яз.) - М.: - Радуга, 1984 – С. 122-149.
10. Wambaugh J. Fugitive nights - New York - Toronto - London: Random Books, 1993 - 350 p.
11. Twain M. The Adventures of Tom Sawyer – М.: Изд-во “Эксмо”, 2012 – 288 p.
12. Jerome K.J. Favorite Short Stories – М.: Эксмо, 2012 – 256 с.
13. Хорнби А.С. Учебный словарь современного английского языка (The Advanced Learner's Dictionary of Current English) - М.:АСТ, 2006 - 1566 с.
14. Каменский А.И., Каменская И.Б. Практическая грамматика английского языка.: Справочное пособие для неязыковых вузов. – Часть 1. -Харьков: ИНЭМ, 2002. – 278 с.
15. Грузинская И.А., Черкасская Е.Б., Грамматика английского языка. - изд. 16. - М.: Госучпедгиз, 1956 — 255 с.
16. Shakhnov M. Errors of Civilization (Saga about the morals of the epoch) / translated into English by Walter May. Алматы: Олке, 1999 - 276 с.
17. Poe E.A. King Pest. A Tale. Containing an Allegory (1835) // Американская романтическая проза. сборник / Сост. А.Н. Николюкина (на англ. и рус. яз.) - М.: - Радуга, 1984 – С. 224-251.
18. Wilde O. Fairy Tales - Moscow: Progress Publishers, 1979 - 211 p.
19. Robins R.H. The development of the word class system of the European grammatical tradition //Luger Hoffman Sprachwissenschaft. Ein Reader - Berlin - New York: Walter de Gruyter, 1996 - P 452-474.
20. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл — М.: Наука, 1976 — 384 с.
21. Лазариди М. Безличность в языке: безличные предложения русского языка и их соответствия в кыргызском языке. - Бишкек - Москва: КРСУ: Центр греческого языка и культуры “Эллас”, 2017. - 142 с.
22. Толенгутова А.С. Структурно-семантические и прагматические особенности сложноподчинённого предложения в деловом тексте (на материале коммерческой корреспонденции): Автореф. дисс. канд. филол. наук. - Алматы, 2008. - 26 с.
23. Разинкина Н.Н. Функциональная стилистика английского языка. Учеб. пос. для студ. институтов и фак-тов иностр. яз - М: Высшая школа, 1989 - 182 с.
24. Курганова Н.В. О статусе категории способа глагольного действия в английском языке // Вестник Кыргызско-Российского славянского университета, 2011, т. 11, №1. - С. 85-89.
25. Гарбузова Т.Н. Практическая грамматика. Всё о временах в английском языке - Ростов н/Д: Феникс, 2014 -173 с.

## REFERENCES

1. Zhigaldo V.Y., Ivanova I.P., Iofik L.L. Sovremenny angliyskiy yazyk. Teoreticheskiy kurs grammatiki: Uchebnik [Modern English. Theoretical

- Grammar Course: Textbook]. Moscow, Izdatel'stvo literatury na inostr. yazykakh, 1956, 350 p.
2. Firbas J. On defining the theme in functional sentence analysis. Travaux Linguistiques de Prague, v. 1. - Prague: Editions de l'Acad. Tchecoslov. d. sciences, 1964, pp. 3-45.
  3. Smirnit'skiy A.I. Sintaksis angliyskogo yazyka [The syntax of the English language] - Moscow: Izd-vo lit-ry na inostr. yazykakh, 1957, 286 p.
  4. Belyaeva M.A. Grammatika angliyskogo yazyka [English grammar.] izd. 6-e. - Ucheb. pos. dlya stud. - Moscow: Vysshaya shkola publ, 1977, 333 p.
  5. Kachalova K.N., Izrailevich E.E. Prakticheskaya grammatika angliyskogo yazyka [Practical grammar of the English language] v 2-kh t. - t. 2, 8-e izd. Kiev: Metodika, 1995, 304 p.
  6. Leacock St. 15 Best Humorous Stories. Moscow: Eksmo, 2014, 288 p.
  7. Brown Ch.B. The Scribbler (1790-1791) // Amerikanskaya romanticheskaya proza. Sbornik / Sost. A.N. Nikolyukin (na angl. i rus. yaz). Moscow, Raduga, 1984, pp. 46-65.
  8. Longstreet A.V. The Horse Swap (1832) // Amerikanskaya romanticheskaya proza. sbornik / Sost. A.N. Nikolyukin [in English and Russian] - Moscow: - Raduga, 1984, pp. 180-188.
  9. Irving W. Legend of the Rose of the Alhambra (1832) // Amerikanskaya romanticheskaya proza. sbornik / Comp. A.N. Nikolyukin [in English and Russian]. Moscow, Raduga publ., 1984, pp. 122-149.
  10. Wambaugh J. Fugitive nights - New York - Toronto - London: Random Books, 1993, 350 p.
  11. Twain M. The Adventures of Tom Sawyer. Moscow, Eksmo publ., 2012, 288 p.
  12. Jerome K.J. Favorite Short Stories. Moscow, Eksmo publ., 2012, 256 p.
  13. Hornby A.S. Uchebnyy slovar' sovremennogo angliyskogo yazyka [The Advanced Learner's Dictionary of Current English]. Moscow, AST publ., 2006, 1566 p.
  14. Kamenskiy A.I., Kamenskaya I.B. Prakticheskaya grammatika angliyskogo yazyka.: Spravochnoe posobie dlya neyazykovykh vuzov [Practical grammar of the English language.: Reference manual for non-linguistic universities] Chast' 1. Khar'kov, INEM publ., 2002, 278 p.
  15. Gruzinskaya I.A., Cherkasskaya E.B., Grammatika angliyskogo yazyka [Grammar of the English language] izd. 16. Moscow: Gosuchpedgiz publ., 1956, 255 p.
  16. Shakhanov M. Errors of Civilization (Saga about the morals of the epoch) / translated into English by Walter May. Almaty: Olke publ., 1999, 276 p.
  17. Poe E.A. King Pest. A Tale. Containing an Allegory (1835) // Amerikanskaya romanticheskaya proza. sbornik / Sost. A.N. Nikolyukina [in English and Russian]. Moscow. Raduga publ., 1984, pp. 224-251.
  18. Wilde O. Fairy Tales [Rus. ed.: Skazki]- Moscow: Progress Publ., 1979, 211 p.
  19. Robins R.H. The development of the word class system of the European grammatical tradition // Luger Hoffman Sprachwissenschaft. Ein Reader - Berlin - New York: Walter de Gruyter, 1996, pp. 452-474.
  20. Arutyunova N.D. Predlozhenie i ego smysl [Sentence and its meaning] — Moscow: Nauka publ., 1976, 384 p.

21. Lazaridi M. Bezlichnost' v yazyke: bezlichnye predlozheniya russkogo yazyka i ikh sootvetstviya v kyrgyzskom yazyke [Impersonality in the language: impersonal sentences of the Russian language and their correspondence in the Kyrgyz language]. - Bishkek - Moskva: KRSU: Tsentr grecheskogo yazyka i kul'tury "Ellas", 2017, 142 p.
22. Tolengutova A.S. Strukturno — semanticheskie i pragmaticheskie osobennosti slozhnopodchinennogo predlozheniya v delovom tekste (na materiale angliyskoy kommercheskoy korrespondentsii) [Structural - semantic and pragmatic features the complexity of a compound sentence in a business text (on the material of the English commercial correspondence)] Abstract of Philol. Cand. Diss. Almaty, 2008, 26 p.
23. Razinkina N.N. Funktsional'naya stilistika angliyskogo yazyka. Ucheb. pos. dlya stud. institutov i fak-tov inostr. yaz [Functional stylistics of the English language]. Moscow: Vysshaya shkola, 1989, 182 p.
24. Kurganova N.V. O statuse kategorii sposoba glagol'nogo deystviya v angliyskom yazyke [On the status of the category of the method of verb action in English] // Herald of the Kyrgyz-Russian Slavic University, 2011, vol. 11, iss.1, pp. 85-89.
25. Garbuzova T.N. Prakticheskaya grammatika. Vse o vremenakh v angliyskom yazyke [Practical grammar. All About Times in English] - Rostov n/D: Feniks publ., 2014, 173 p.



Сантаева Кулимкоз Тенизбаевна  
I. Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университеті  
(Талдықорған, Қазақстан)

### БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ЕМЛЕСІН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Резюме.** Мақалада ХХ ғасырдың басындағы А. Байтұрсыновтың қазақ емлесін дамытуға қосқан үлесіне тоқталған. Сонымен бірге, араб әліпбиі қазақ халқының рухани өміріне, мәдениетіне, зиялы қауымның қалыптасуына да ықпал еткендігі жан-жақты қарастырылады.

**Кілт сөздер:** алфавит, реформатор, ана тілі, жазу мәселесі, араб графикасы

Сантаева Кулимкоз Тенизбаевна  
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова  
(Талдықорған, Казахстан)

### ВКЛАД А. БАЙТУРСУНОВА В РАЗВИТИИ КАЗАХСКОЙ ОРФОГРАФИИ

**Аннотация.** В статье рассматривается вклад А. Байтурсунова в развитие казахской Орды в начале ХХ века. Кроме того, арабский алфавит способствует духовной жизни, культуре казахского народа, формированию интеллектуальной элиты.

**Ключевые слова:** алфавит, реформатор, родной язык, проблема написания, арабская графика.

Santaeva Kulimkoz Tenizbaevna  
Zhetysu state University after named is I. Zhansugurov  
(Taldykorgan, Kazakhstan)

### A. BAITURSYNOV CONTRIBUTION TO THE DEVELOPMENT OF KAZAKH ORTHOGRAPHY

**Summary.** The article refers to the contribution of A. Baitursynov to the development of the Kazakh Horde in the early twentieth century. In addition, the Arabic alphabet contributes to the spiritual life, culture of the Kazakh people, the formation of the intellectual elite.

**Key words:** alphabet, reformer, native language, problem of writing, Arabic graphics.

ХХ ғасырдың басында латын алфавиті енгізілгенге дейін өзге түркі халықтары сияқты қазақ халқы да төрт-бес ғасыр бойы араб алфавитін қолданып келді. Сол кезде КСРО құрамындағы жиырмадан астам ұлттардың Х ғасырдан ХХ ғасырдың 30 жылдарына дейінгі бай мұраларының көпшілігі осы жазу арқылы жазылды. Біз мақаламызда ХХ ғасырдың басындағы А. Байтұрсыновтың қазақ емлесін дамытуға қосқан үлесіне тоқталамыз. Сонымен бірге, араб әліпбиі қазақ халқының рухани өміріне, мәдениетіне,

зиялы қауымның қалыптасуына да ықпал етті. Әліпби баспа жұмысының жаңдануына игілікті қызмет етті. 1912 жылы А. Байтұрсынов араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуына алғаш реформа жасады [1].

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ХХ-шы ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Ол 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жылдары Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынов түрлі мемлекеттік қызметке араласа жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921-1925 жылдары Орынбордағы, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ Халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда ҚазПИ-дің ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. Ф. И. Голощекиннің тікелей нұсқауымен Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен Байтұрсыновқа «1921 жылы Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, ортаазиялық пантүрікшіл ұйымының басшысы Валидовпен байланыста болды, 1927 жылы қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатынасты» деген айыптар тағылды. Алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауда болған А. Байтұрсынов, көп кешікпей 1937 жылы РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 2, 4 және 11 тармақтарына сәйкес ату жазасына кесілді [1, 283 б.].

Тұтас буынның төл басы болған А. Байтұрсынов – қазақ ғылыми тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынов әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), Түркітанушылардың бүкілодақтық 1-құрылтығында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады.

Қаламгер оқу-ағарту ісі, оқулықтар жасау, әліппе, емле мәселелерімен қатар мәдениет пен әдебиет саласында, қоғамдық өмірде әлеуметтік мәні бар істермен айналысып, көп нәрселерге ұйтқы болды. Тереңнен ой қозғап, байсалды пікірлер айтты. А. Байтұрсыновтың бел шешіп кіріскен жұмысы көпшілік тарапынан қолдау тауып, оның қайраткерлік, ғалымдық, ағартушылық қызметтері мен дарыны, таланты өз заманында аса жоғары бағаланып, мойындалды. Оның көптеген өзекті мәселелердің ішінен бөліп-жарып бірінші кезекке қойғаны жазу, оқу мәселесі болатын. А. Байтұрсынов жазудың адам өміріндегі маңызын түсіне келіп, қоғамның дамуы да, ғылым мен мәдениеттің өркендеуі де, техниканың алға басуы да жазуға, әріп меңгеруге, оқу-білімге

байланысты екенін білді [2]. Ғалым сауатсыз халықтың болашағын ойлап, жаны күйзелді. Қазақ халқы тұтынып отырған араб алфавитінің теріс жақтарын, кемшілік тұстарын көріп, өзгеріс енгізуді қажет деп санайды. Ол туралы ойын «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» сөйлеген сөзінде айтады. «Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліпбиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден алған әліпби. Европа жұрттарының тұтынып отырғанын түбі көне семит әліпбиі... Түркі әліпбиінің түбі де көне семит әліпбиі, оларда кұфалықтар алған. Кұфалықтардан араб өз тіліне үйлестіріп алған. Солардың қайсысы да бірінің әліпбиін бірі алғанда, тұрған қалпында алмаған». А. Байтұрсыновтың ойынша, жақсы әліпбидің мынадай қасиеттері болу керек: жақсы әліпби тілге шақ болу керек; Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады; әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс; Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ [3].

А. Байтұрсынов қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Ауыл мектептерінде мұғалім бола жүріп, сол кезде ол көп нәрсені көңілге түйіп, көп нәрсені арман қылды. Ол қараңғы халықтың сауатсыздығын жою мақсатымен айналысып, сол мақсатты іске асыру жолында оған қажетті жайларды қарастырады, жан-жақты ойластырады. Жас ұрпақтың сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбасының керектігін ұғады. Оған дейінгі мұғалімдер баланы өз ыңғайларына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланып, түрліше оқытатын. Сондықтан, ол оқу жүйесін бір қалыпқа келтіру мақсатымен, балаларды оқытуда, әріп үйретуде жеңіл болуы үшін жас ерекшеліктеріне, ой-өріс, сана-сезімдерінің қалыптасу ыңғайына қарай әліппе оқулық кітабын жазуды қолға алады. Ол үшін ең алдымен алфавиттегі әріптердің қолданылу ретін, жұмсалыу орнын анықтауды мақсат етеді. Екінші орынға оқуды жүйесі мен мектеп, медресе, оқулық, т. б. мәселелерді қояды. Шамамен 1910 жылдан бастап, араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін жайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзетуді қолға алады. 1913 жылғы «Қазақ» газетінің № 35 санында жарияланған “Жазу мәселесі» деген мақаласында А. Байтұрсынов дауысты дыбыстарды таңбалау жөнінде өз ұсыныстарын айтты. Ол өзінің айтқан пікірлерін Ғ. Мұса мырзаның айтқан пікірімен салыстыра отырып, араб графикасы негізіндегі қазақ жазуында о, у, ы, е әріптерінің қалай таңбалануы жөнінде өз концепциясын ұсынады. Араб жазуын қазақ тіліне лайықтап өзгерту үшін оған мынадай өзгерістер енгізу керек дейді:

1. Егер дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, егер дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады, яғни, дыбыстар үндестік заңына бағынсын деген пікірді білдіреді.

2. Дауысты дыбыстардың жіңішке айтылуы үшін жіңішкелік белгісі «дәйекшені» енгізу, оны сөздің алдына қою, ол қазақ тілін көп әріптіліктен құтқарады.

3. Әрбір дауысты дыбыстың өз таңбасын белгілеу. [4]. Аталған мақаласында Ахмет Байтұрсынов қазақ тіліне тән дыбыстардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың жазылу ретін, орнын, ерекшеліктері мен айырмашылықтарын көрсетеді. Араб жазуының түркі тілдерінің дыбыстық

жүйесіне сай келмейтін тұстарын, басы артық әріптерін алып тастау керектігін тәптіштеп түсіндіреді. Сондай-ақ ол араб жазуын мүлдем алып тастап, басқа алфавитті алуға қарсылығын білдіреді [4, 51 б.].

Сонымен, 1910 жылдан бастап араб жазуын қазақ тіліне ықшамдап өзгерту жорлында еңбек еткен ағартушы ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың әр жылдары жазған мақалалары мен оқулықтарын талдаған кезімізде оның араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай етіп өзгерткенін, араб жазуында жоқ әріптердің таңбасын өзі ойлап тапқанын көреміз. Мұндағы А. Байтұрсыновтың жетістігі қазақ тіліндегі дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қарай бөлінуін дәл белгілеп, әрбір дауысты дыбысқа арнап арнайы таңба белгілеуінде. Сонымен, оның араб графикасы негізінде жасаған алфавитінде 24 әріп бар. Осы 24 әріптің ішінен 16 таңба дайын күйінде алынған. 8 таңбаны өзі қосқан [5]. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов жасаған араб алфавиті негізіндегі қазақ жазуы елімізде 1929 жылға дейін қолданылып келді. Ал басқа Ауғаныстан, Иран, Қытай, т. б. мемлекеттерде тұратын қазақ бауырларымыз күні бүгінге дейін осы жазуды пайдаланып келеді. Байтұрсынов графикасының таза араб жазуынан басты айырмашылығы ондағы дыбыстар созылықты, қысқа деп бөлінбестен, әрқайсысы жеке әрі түрінде таңбаланады. Бұл графикада сол сияқты харакеттер, ташдид, сукун, уасла, таниун белгілері жоқ. Егер сөз ішінде бір дыбыс қосарланып келсе, екі рет қайталанып жазылады. А. Байтұрсыновтың алфавитке кіргізген бұл өзгерістері алфавитті көп жеңілдетті, оқуға, жазуға, көп оңай болды.

А. Байтұрсынов әліпбиі туралы Ж. Қ. Тойшыбекова: «1912 жылы А. Байтұрсынов қазақ тіліне қолайсыз таза араб әрпін спецификалық қазақ дыбыстарын білдіре алатын әріптермен алмастыру арқылы алфавит құрастырып, оны «Жаңа емле» деп атады [6] – деп жазады. А. Байтұрсынұлының қазақ жазуына икемдеген араб алфавиті мектеп оқытушылары және басқа да қазақтың, татардың зиялы азаматтары тарапынан қолдау тауып, күнделікті өмірде қолданыла бастады. Осы алфавитпен «Қазақ» газеті (1913-1918), көптеген көркем әдебиет шығармалары шығып тұрды. Алайда бұл алфавит ресми түрде тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ғана қабылданды.

1925 жылы А. Байтұрсынов әдістемелік жаңалықтарды ескере отырып, қазақ бастауыш мектептеріне арналған «Жаңа Әліп-биді» ұсынды. Оқулық өз заманына лайық «Әліппе» жасау ісінің озық үлгісі болды. Әліппеде сауат ашумен бірге балалардың ойы мен тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыру мәселелері дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан жетік шешімін тапты. «Жаңа Әліп-биге»: а) баланың өз атынан баяндалатын мектеп өмірі жайлы әңгімелер; ә) балаларды адамгершілікке, ізгілікке, тазалыққа тәрбиелейтін әңгімелер мол енгізілді. Жалпы, А. Байтұрсынов отандық білім беру ісі тарихында оқушылардың ойы мен байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысына зор мән берген, осы мақсатқа жетудің жолын нақты тәжірибе жүзінде дәлелдеген алғашқы қазақ ғалымы болды. Саяси себептердің салдарынан «Жаңа Әліп-би» 20-жылдардың аяғына дейін қолданылды. Мұнан кейін Т. Шонановтың «Жаңалық» (Әліппе, Қызылорда, 1929) және Т. Шонанов пен М. Жолдыбаевтың «Жаңа арна» (Қызылорда, 1927) әліппелері жарық көрді.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы оның тек тұңғыш оқу құралын жазғанымен өлшенбесе керек, ең бастысы алғашқы оқулық тілінің терең халықтығында, сапалылығы мен біліктілігінде. «Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қысынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды...Яғни қазақ сөзінің қысынын келтіріп, өз нақышында жазу үшін сол тілде сауатын ашып, дағдыланған абзал». Ғалым мұны көрегендікпен айтқан-ау. Қазіргі таңдағы тілдік жағдай бұған толық көзімізді жеткізіп отыр [7] – деп баға береді А. Б. Салқынбай.

А. Байтұрсынов халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. «Тіл құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 ж., морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл құрал» - қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынов практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы.

А. Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50-жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Өуезов, М. Дулатов, Е. Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. М.Өуезов Байтұрсынов туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы үкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды [8]. 1929 жылы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) Байтұрсынов тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді.

Қорыта келгенде бүгінгі таңда А.Байтұрсынов қазақ халқы үшін «рухани көсем» десек артық айтпаған болар едік.

...Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін

Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын

Ел бүгінгішіл, менікі-ертеңгі үшін, - деген өлең жолдары бізді болашаққа шақырып тұр.

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

1. Журтбай Турсын. Боль моя, гордость моя – Алаш!: – Астана: 2016. - 1104 стр.
2. Машқанова Н. Т. А.Байтұрсынов – қазақ жазуының реформаторы. ф. ғ. к. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. /Ғыл. жет.: фил.ғ.д., проф. Серғалиев М. С. Алматы, – 1994. – 154 б.
3. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Бірінші қырғыз ғылыми сіезінің еңбектері. Қырғыз мемлекеттік баспасы. Орынбор, 1925. Қайта басылуы: Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Астана: «ІС Сервмс» ЖШС, 2005. – 114 б.
4. «Қазақ» газеті. /Бас редактор Ө. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
5. Махат Д. Баспасөз: Сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 жж.) Астана: Ана тілі-Ата тарих, 2007. – 528 б.
6. Тойшыбекова Ж. Қ. XX ғ. басында Қазақстанда латын алфавитіне көшу идеясының қалыптасуы //ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, № 1 (136). 2005. – 195-197 бб.
7. Салқынбай А. Б. Ахмет Байтұрсынов тағлымы //Қазақ әдебиеті. № 5, 2. 11. 2006. – 8 б.
8. Өуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы //Ақ жол, 1923, 4 ақпан.

УДК 0117РКИ0085

Тулекова Гулжан Хажмуратовна  
«Тұран» Университеті мекемесі  
(Алматы, Қазақстан)

## АБАЙ, ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОД БЕЛГІСІ – РУХАН ЖАҒҒЫРУ

**Аннотация:** Абай мен Шәкәрім шығармаларында халықтық рухты пайымдауға құрал болатын тілдік құрылымдар, сөз тіркестері құрылымындағы семантикалық даму бағытын айқындауға негіз болатын алғышарттардың бірі – қатысымдық үдеріс. Сөз тіркестеріндегі мағыналық, құрылымдық өзгерісті Абай, Шәкәрім шығармаларының материалы негізінде қарастыру олардың мақсатты түрдегі жұмсалудың, тек семантикалық мәселелерді шешуге емес, лингвистикалық семантика мәселелеріне бағытталғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі қоғамдық өркениеттің өзектілігіне өріс алатын факторлардың біріне айналған. Олай дейтініміз, сөз тіркестері құрамынан туатын қатысымдық мағына тілдік және тілден тыс ақпараттық білім жиынтығын құрап, сөз тіркесі семантикасының функционалдық қызметін саралауға негіз болып табылады.

**Тақырыбы:** Абай, Шәкәрім шығармаларындағы ұлттық код белгісі – рухан жаңғыру

**Түйін:** Мақалада Абай мен Шәкәрімнің өскелең ұрпақтың бойына адами факторлардың қалыптасуы: қоғаммен тығыз байланыста екендігі айтылады. Н.Назарбаевтың ұлттық код туралы ұғымы баяндалады.

**Тірек сөздер:** кәсіби бағыт, бәсекелік қабілет, прагматик, заман ағымы, бүгінгі қоғам, нақты меже, шынайы мәдениет, сана ашықтығы.

Gulzhan Tulekova  
Turan University  
(Almaty, Kazakhstan)

## NATIONAL CODE IN WORKS OF ABAYA AND SHAKARIM IS THE BIG VALUE OF THE KAZAKH PEOPLE

**Abstract.** In the works of Abay and Shakarim has a lot of language structure and phraseology to interpretation tool of national spirit. The idea of human consciousness through the conclusion noun phrases, clearly reflect the importance of the open nature of the cognitive linguistic research. Communicative process - one of the prerequisites for the development of the semantic of phrases structure. This is one of the factors that can a field the relevance of today's society civilization. Arising from the so-called phrases communicative value of language and language teaching, functional differentiation of the phrase.

**Summary:** In this article, Abay and Shakarim human factors for the formation of the younger generation: in close contact with the public. Nazarbayev about the national code.

**Key words:** *professional direction, pragmatic, competitive, modern, modern society, real scale transparency flow, true culture and consciousness.*

Тулекова Гулжан Хажмуратовна  
Университет «Туран»  
(Алматы, Казахстан)

### НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОД В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ И ШАКАРИМА - ЭТО БОЛЬШАЯ ЦЕННОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА

**Аннотация:** *В произведениях Абая и Шакарима много языковой структуры и фразеологии в интерпретации национального духа. Идея человеческого сознания- идея когнитивно-лингвистического исследования. Коммуникативный процесс - одна из предпосылок развития смысловых фраз. Это один из факторов, которые можно найти в сфере общества. Возникающие из так называемых фраз. Коммуникативная ценность языка и преподавание языка, функциональная дифференциация фразы.*

**Резюме:** *В этой статье анализируется указ Н. Назарбаева о национальном коде Абай и Шакарима человеческие факторы для формирования молодого поколения: в тесном контакте с ответственностью.*

**Ключевые слова:** *профессиональное направление, прагматичное, конкурентоспособное, современное, современное общество, реальные масштабы поток прозрачности, истинная культура и сознание.*

Ұлы Абайдың ұлылығын дәріптейтін қарасөздері, өлеңдері, әсіресе *ар білімі* бүгінгі қазаққа араша болары сөзсіз: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, мақтанғыш келеді. Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, نادان, арыс келеді. Әрбір арыс жалқаудан сұрамсақ, өнерсіз, пайымсыз, ешкімге достығы жоқ. Мастықтың ыржақ күлкісіне салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не ұят келерлік істен құр, ғафельді көп өткізеді. Әрбір орынды характер өзі де ұйым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен уайым-қайғыны азайтпа, орынды характерпен азайт! Қайырсыз жан ұрлық, қулық, сұмдық, тілемсіздікке бейім. Тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді. Ол малды қалайша табуды білмейді. «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік», Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп, мал табуға тырыспайсың. Кеселді жалқау қалжыңбас, Өзір тамақ, өзір ас, Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас, – болып жүріп тірімін деме, оннан да Алла жіберген бұйрықты өлімнің өзі артық» [1, 12-29 бб.],.– деген тамаша өнегелері қай уақытта болмасын өз орынын тауып келеді.

Абай, Шәкәрім шығармаларында ғаламның тілдік бейнесін танытатын адамзат баласының айналадағы табиғат сырларын, өмірдің тылсым күштерін, қоғам құбылыстарын дәл тани білуге белгілі бір дәрежеде өз үлесін қосады. Абай, Шәкәрім шығармаларының қай-қайсысын алмайық, өзгеше өрнек, кең өріс, бедерлі қолтаңбасымен көзге бірден түседі. Бүгінде бүкіл әлем таныған Абай өлеңдері мен дастандары, философиялық ілімге толы қарасөздері, оның інісі Шәкәрімнің тұнық та, сырлы жырлары мен хикаялы поэмалары қазақ



халқының аузында жүретін, елге үлгі-өнеге беруде, ақыл-кеңес айтуда, жұртты сабырлықпен ой қозғайды. Есті бала мен есер бала қылығындай психологиялық талдауларға негіз болаған қарасөздері бірден-бір ой салатын, жеке бастың өзі-өзіне есеп беріп үйренуін, малды тегінен-тегің бақпайтындығын, мінез дұрыстығын баққан өмір сүрудің факторы екендігін дәлелдей түседі.

Ұлы ақындар шығармаларын халықтың өзіне тез, жүрегіне жақын қабылдауының, қоршаған ортадағы жағымды әрекеттер мен жат қылықтарды суреттей отырып, оның этнос пікірмен үндесіп жатуының өзі екі ақын танымының өз ұлтының танымымен астасып жатқандығынан деуге әбден болады. Өйткені Абай мен Шәкәрім санасына қоғамдағы өзгерістер, айналадағы құбылыстар, адамдардың құбылмалы әрекеттері ерекше есер етіп, қоғамдық көзқарастарына ықпалын тигізіп отырған. Абай тіршілік, тағдыр туралы философиялық толғамдар айтса, Шәкәрім осы мәселе төңірегіндегі сауалдарына жауап іздейді. Екеуі де оқу, іздену талаптарын кеңейте түседі. Халқы үшін қам жеген қазақ ойшылдары ел көріп, жер көріп, ой-өрістерін кеңейте түседі. Осының бәрі екі ақын поэзиясына ерекше әсер беріп, дүниетанымдарын халық танымымен сабақтастыра біледі.

Абай да, Шәкәрім де өз өмір жолдарында көптеген шырғалаңды көрген. Қатал да, қатігез заманда өскен олар бірсыпыра қорлықты да, мейірімсіздікті де, адамдардың орынсыз іс-қимылдарын да бастарынан өткерген. Абай 42-ші қарасөзінде: «Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті *иттей қорлық көрмей ме?*», [1, 101 б.], – десе, Шәкәрім: Ақ болсын, қара болсын – өзі сынар, *Біреуді қор*, біреуді мықты *қылар* (Шәкәрім. «Жуандар»). [2, 89 б.],

Міне, екі ақынның да бүгінгі еңселі Қазақстанның болашағын жетелейтін жасатарға *адал еңбек* ол қиыншылығы мен төзімділікті қажет ететін, *итқорлықтай* қажырлы да, қайсарлықты адам бойына қалыптастыратын мінез екендігін арқау етеді. Адамзат баласы дүниеге келіп, жарық дүниені көргеннен кейін, ес біліп, етек жиғаннан кейін «Өмір» атты ағысы қарқынды үлкен өзеннің талайына салып жібереді. Осы ағыны қатты өзенде өзін мықты ұстап, ақыл-ой көрегенділігімен жол тауып отырған адам өмір талқысына көп ұшырамай, өмір ағысымен ақырын жылжып, өмір сүрері хақ. Ал кейбіреулер осы ағыстан тез шығамын деп, арындап құлап, не сол ағыстың еркіне көніп, өз құлқының құлы боп кетері және бар. Абай өлеңіндегі «қорлық» концептісі осындай тауқыметті айналасындағылардың істері арқылы көзі көрген жан ретінде бере біледі. Абай түсінігінде де, Шәкәрім ұғымында да «қорлық», «қор» сөзі біреуге зәбір көрсету, жамандық жасау деген мағынамен түсіндіріледі. Өмірде бір адамның екінші біреуге қысас жасап, қорлық көрсетуі – қара басының қамын ойлаудан туған әрекет. Тумысында жамандыққа жаны қас екі ақын осы «қорлық» концептісінің астарына адамның озбырлық әрекеті деген мәнді білдіртіп қоймай, өз шығармаларында «адам баласы өмірде не мықты, не қор болар. Сондықтан өмір – күрес. Ешнәрседен қорықпай өмірдің қайшылықтарына қарсы күресу білу керек, қиындықтан қорықпау керек» деген пәлсапалық әрі шынайы қағиданы қоса жеткізеді. Осы жерде тіл мен ойлаудың өзара байланыс табиғаты жоғарыдағы тілдік бірлік – «қорлық» концептісі арқылы айқындалып тұр. Яғни бір концептінің айналасында таным негіздері қалыптасуымен қатар, оқыған адамға ой салар, ой тастар шуағы да жетерлік.

Абайдың ұлылығы оның шығармаларында жатыр. Соны ғылыми негізде танып-білу арқылы ғана көзіңіз жетеді. Абай – өз өлең-жырларында өмірдегі зиянды, зиянсыз қасиеттерді танып, оны оқырман жүрегіне жеткізе білуге өте шебер. Абайдың ақын шәкірттерінің ішінде Шәкәрімнің орны бөлек. Ол Абайдың бас шәкірті деп аталады. Өйткені, оның ақындық өнерімен қоса ойшылдық тереңдігі, философиялық толғаныстары өз заманы үшін теңдесі жоқ қайталанбас рухани құбылысқа айналды. Абайды танып білгендер ғана Шәкәрімнің ойшылдық табиғатына адаспай кіріп жол таба алмақ. Сондықтан да екеуінің шығармалары үндес, өзектес.

Мәселен, Абай: *Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Бір-біріңе қонақ екенсің, өзің дүниеге қонақ екенсің, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып көз алартыспақ лайық па?* (Абай. Отыз төртінші қарасөзі), – десе, Шәкәрім: *Ей, Крез! Сенен менің ойым бөлек, Бұл дүние – шыр айналған бір дөңгелек, Өлімнің сағатына кірмей тұрып, Еш адам мен бақтымын демеу керек* (Шәкәрім. «Крез патша»), – дейді. Абай осы ойды жалғастырып: *Дүниеге ешкім келмепті, Өлмейтін атақ қалдырып, Дүниеге көңіл бөлмепті, Жарлығына Алланың, –* дейді. [2, 102 б.],

Екеуі де «дүние», «қонақ», «бақ», «көз алартысу» концептісіне құрылған шығармаларында оқырмандарды ойландыратын, оларды ой тұңғығына батырып, өмірге дұрыс көзқараспен қарауын қалыптастыратын өнеге жатыр. Адам баласының «дүниеге» көзқарасын дамыта отырып, сен өмірге қонақсың, сондықтан қасыңдағы жолдастарыңмен, үйдегі жан жарыңмен, бала-шағаң, туған-туысыңмен, ауылдастарыңмен сыйлас бол. Артық адамшылық қасиеттен аттап, астамшылық жасама. Өйткені, «дүние» шыр айналған дөңгелек. Тез айналып, өтеді де кетеді. Сондықтан адам баласы жоқ нәрсеге ренжісіп, бір-біріне көз алартысудың қажеті шамалы. Сәл нәрсені қанағат қылып, болдым-толдым, бақтымын деудің де еш мәнісі жоқ деген пәлсапалық ой-толғаныстар оқып отырған адамды өмірге жаңаша көзқараспен қарауға жетелейді. Абай мен Шәкәрімнің адамгершілік идеялары, асыл мұраттары алуан түрлі адамдардың тағдырын бейнелейтін жыр-дастандарында да айқын танылады. Адамға берілген белгілі уақыт мөлшері – жалған дүние жайлы С. Жиренов өз еңбегінде: «Өмір макроконцептісіне философиялық тұрғыда келсек, ол адамзат баласына берілген белгілі уақыт мөлшері. «Өмір» концептісі адамзат баласына ортақ болғанымен, оның қыр-сырын, мән-мағынасын тануда ұлттық сипат ерекше орын алады. Ондағы ұлттың санасы мен ойындағы образдық бейнесі этнос тұрмысына негізделеді. «Өмір» концептісі қазақ этносы ұғымында «бақ пен тақ» секілді тұрақсыз, мәңгілік емес деген философиялық түйіндеулер арқылы өрнектеген», – дей отырып [3, 82 б.], жоғарыда айтылған «дүние», «бақ» концептілерінің бір-бірімен байланысып, ұштасып жатқандығын, олардың бәрі жиылып келіп «өмір» макро концептісін құрайтындығын нақты көрсетеді. Бұл жерде барлық шығармаларының өн бойынан «өмір», «дүние», «заман» сарыны байқалып отыратын ақындар өмір жайлы өз толғамдарын жеткізе келе, Абай: *Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма? Бір бес күннің орны жоқ арттағыға. Қай қызығы татиды ку өмірдің Татуды араз, жақынды жат қылуға?* – деп өмірде екі адамның арасына түсу, жалпы адам баласына жамандық жасау адамгершілік нормаға қайшы екендігін білдіріп, ой түйсе, ақын ағасының өмір жайлы толғанысын одан әрі сабақтап, ұштастырған Шәкәрім: *Жастық көкспеп кемпір мен шал арманда, Өсіп үлкен*

бола алмай бала арманда. Еркектей *еркін өмір сүрмедік деп*, Әйелдер де болады және арманда, – дейді. Ол да өмір сүрудің ғажап екендігін, мына жалған дүниеде адамдардың барлығы армандай алатындығын, өмірдің қызығы да шыжығы да көп әлем екендігін паш етеді. Осы тұста ер адамның қоғамдағы рөлі жоғары, өмір сүрудегі өзіндік кредосының берік екендігі, әйелдерге қарағанда мәртебесінің биік екендігі де анық көрініс береді. Сонымен қатар Шәкәрім өз шығармасында «араздық» пен «татулық» ұғымдарын қарама-қарсы қоя отырып, оның мәнін төмендегі жыр шумақтарымен түсіндіруге тырысады: Мінезі араз екі бай *тату екен*, Аңға шықса айырылмай жүргендері (Шәкәрім. «Дубровский») немесе Аңдысып, іштен жау боп ерегесті, Әркім-ақ бұл екі бай *араз десті*. Троекуров құлданған көп мұжықтар, Ағашын Андрейдің ұрлап кесті (Шәкәрім. «Дубровский»). [3, 102 б.]

Осы жырларында араздық жүрген жердің жамандық, кесел әкелетіндігін көрсете отырып, қабылдаушылардың өз танымында араздық пен татулықтың аражігін салмақтай отырып, тек өмірдің жақсы жақтарын, үлгі-өнеге болар тұстарын ғана қалдыруына жол сілтейді.

*Дүниеде сырымен өзімен бірге көмілетін адам бар ма екен?*

Дүниеде қызығатын көзімізді топырақ баспай тұрып, бейнеттен құтыла алмаймын *осынша тәтті көретін өмірден* татпай тұрып ащы деген *өлім жақсы болса керек*. Адамнан жаман жанды жоқ, мені жамандаған кісі *өзінен жаман қыла ма?* Терең ой, тұзу тәжірбиесі бар адам *ғайыптан хабар береді*. Әулие деген сол боса керек (Шәкәрім. «Мәнді сөздер»). [2, 98 б.], Бәріне еңбек қыл да, *адал еңбек қыл*. Дүниенің қайғысы ақ жауындай үзілмей жауса да, қуаныш анда-санда *найзағайдай жарқ етеді* де өшеді, – бұл неліктен? Қимыл сын үстеу, пысықтауыш. Ортақ қабысу. Қатаң орын тәртібі. Дүние концептісін осы өмір сүріп отырған адамның әрекет амалдары екендігін жалпы семантикалық мәтіндердің көрінісінен тауып отыр. Сөйтіп, қос ақын өз жырларында өмір туралы ойларын әр қырынан бере келіп, қабылдаушы танымының мағынасына экспрессивті-эмоционалды түрде ықпал етеді. Абай да, Шәкәрім де зияткер ақын болғандықтан, олардың шығармаларында оймен атқарылатын танымдық үдеріс және түйсік-сезіммен атқарылатын танымдық үдеріс таразы басын теңестіретінлік шамада десек, жаңсақтық емес. Ұйғару-топшылау, толғау-пайымдау, түйіндеу-тұжырымдау арқылы ақиқат болмыстың сәулеленуі ұғым мәдениетіне тәуелді. Олай болса, авторлардың тілді пайдалануы, сөз қолданыстары бағытындағы өзіндік ерекшеліктері сананың мән-мазмұны адамның қоғамдық-әлеуметтік ортада дұрыс бағдар жасау қабілетін жетілдіреді, іс-әрекетінде реттеліп тәртіптелген парадигмаларды үстем етеді. Атап айтқанда: жан, тән, көңіл, рух, ар, ұят, ождан, ақыл, ой, сезім, түйсік, парыз, борыш, намыс, жігер, қайрат, ынсап, ғанағат, ындын, мейірім, рахым, т.б. лексемалар мәтіндік бүтіннің берік арқауын, мықты тінін, үзілмес ұзақ желісін құрайды. Осы доминанттық бірліктердің төңірегінде шексіз-шектеусіз мөлшерде қозғалысқа түсетін сөздер – Абай мен Шәкәрім шығармаларының ғалам бейнесін танытатын тілдік құралдар. Сондықтан да екі ұлы ақын шығармаларының түр мен мазмұн бірлестігі үндес, ерелі идеяға негізделген. Ғалам бейнесін танытуда түрлі тілдік амалдар арқылы ұлттың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, т.б. ерекшеліктерін шебер бере білген. Адамның қоршаған орта объектілерін қабылдау мен тану барысында жинақтаған ақпараттары

